

Ұлан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 133 " Ұлан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 2024 жылғы 23 тамыздағы № 158 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 тамызда № 9067-16 болып тіркелді

Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұлан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 133 " Ұлан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9010-16 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрінің "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) сәйкес, Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Г. Калиева